

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 419 "2020-2022 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 қарашадағы № 559 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қарашада № 7600 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 419 "2020-2022 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6707 тіркелген, 2020 жылы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "70527,0" сандары "76833,0" сандарымен ауыстырылсын;
салықтық түсімдер – "1890,0" сандары "2039,0" сандарымен ауыстырылсын;
салықтық емес түсімдер – "149,0" сандары "0,0" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттердің түсімдері – "68488,0" сандары "74794,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "71559,9" сандары "77865,9" сандарымен ауыстырылсын;
көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі 3 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 31183 теңге;

2020 жылдың 1 сәуірінен бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 32668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

7 тармақта:

үшінші абзацында:

"415,0" сандары "5027,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Былқайыр

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2
қарашадағы № 559 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6
қаңтардағы № 419 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджеті

| Санаты | | | Сомасы |
|-------------|----|--|-------------|
| Сыныбы | | | , мың теңге |
| Ішкі сыныбы | | | |
| Атауы | | | |
| | | I. Кірістер | 76833,0 |
| 1 | | Салықтық түсімдер | 2039,0 |
| | 04 | Меншікке салынатын салықтар | 2039,0 |
| | | 1 Мүлікке салынатын салықтар | 55,0 |
| | | 3 Жер салығы | 65,0 |
| | | 4 Көлік құралдарына салынатын салық | 1919,0 |
| 2 | | Салықтық емес түсімдер | 0,0 |
| | 01 | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 0,0 |
| | | 5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 0,0 |

| | | | |
|---|----|--|---------|
| 4 | | Трансферттердің түсімдері | 74794,0 |
| | 02 | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 74794,0 |
| | | 3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 74794,0 |
| II. Шығындар | | | 77865,9 |
| 01 | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 24647,0 |
| | 1 | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 24647,0 |
| | | 124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 24647,0 |
| | | 001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 23947,0 |
| | | 022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 700,0 |
| 04 | | Білім беру | 45332,0 |
| | 1 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 45332,0 |
| | | 124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 45332,0 |
| | | 041 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 45332,0 |
| 07 | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 7886,9 |
| | 3 | Елді-мекендерді көркейту | 7886,9 |
| | | 124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 7886,9 |
| | | 008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 988,9 |
| | | 009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 933,0 |
| | | 011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 5965,0 |
| III. Бюджет тапшылығы (профицит) | | | -1032,9 |
| IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) | | | 1032,9 |
| 8 | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 1032,9 |
| | 01 | Бюджет қаражаты қалдықтары | 1032,9 |
| | | 1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 1032,9 |